



Жалпы ата-аналар жиналысының жоспары
2023-2024жж

Мерзімі	Тақырыптары	Өтілу әдісі	Жауаптылар
қыркүйек	Қош келдіңіздер! барлық топтар	Жиналыс	тәрбиешілер
желтоқсан	«Бала біздің болашағымыз»	Дөңгелек үстел	тәрбиешілер
мамыр	«Біз не үйрендік?» барлық топтар	Жиналыс	тәрбиешілер

6.3. Жалпы ата-аналар жиналысы

Мерзімі	Тақырыптары	Өтілу әдісі	Жауаптылар
қыркүйек	№1 Тақырыбы: «Қош келдіңіз, балабақшаға!» 1. Балабақша ішілік тәртіппен таныстыру 2. Ата-аналар комитетін сайлау. 3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек?»	Жиналыс Кеңес	Менгеруші Медбике Педагог-психолог
қараша	№2 Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесі – қоғамның ең өзекті мәселесі» Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту бойынша түсіндіру жұмыстары. 1. МДҰ-ғы топтың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы жайлы бейнеролигін көрсету (2-2,5 мин). 2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнындағы жаңа тәсілдерді таныстыру. 3. Пікір алмасу және кері байланыс.	Дөңгелек үстел Тренинг	Менгеруші Медбике Педагог-психолог
наурыз	№3 Тақырыбы: «Тәуелсіздігіміздің жоғары құндылықтары» 1. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау – ұлағатты іс 2. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі 3. "Баланы кітап оқуға баулу" 4. "Жүрек жылуы" (ата-аналарға арналған тренинг)	Дөңгелек үстел Тренинг	Әдіскер Педагог-психолог
мамыр	№4 Тақырыбы: «Дені сау бала – салауатты болашақ» 1. Жыл бойы істелген жұмыстардың қорытындылары. 2. «Балалар мен гаджеттер: тәуелділікті болдырмау туралы кеңестер» 3. Таза ауала серуендеудің пайдасы 4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары.	Жиналыс Тренинг	Менгеруші Педагог-психолог Медбике



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 13.09.2023ж.

Өткізілген орны : Балабақшаның АКТ залы

Қатысқандар саны: 89

Төраға: Утепбергенова Ж.Ж.

Хатшы: Утегенова А.М.

Күн тәртібі :

1. «Қош келдіңіз, балабақшаға!» тақырыбында ата-аналармен танысу.
2. Балабақшаның ішкі тәртібімен таныстыру.
3. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Баланы балабақшаға дайындау және бейімделу кезеңі туралы кеңес.

Тыңдалды :

Топ тәрбиешісі ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, балалардың жан-жақты дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Балабақшадағы күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметтері, қауіпсіздік шаралары және тәрбиелік жұмыстар туралы толық ақпарат берілді.

Сонымен қатар, балабақшаның ішкі тәртіп ережелері таныстырылып, балаларды уақытылы әкелу мен алып кету, тазалық талаптарын сақтау, медициналық анықтамаларды уақытында тапсыру және ата-аналармен кері байланысты нығайту мәселелері қарастырылды.

Педагог-психолог баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-ананың қолдауы маңызды екенін түсіндіріп, баланың күн тәртібін сақтау, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, дұрыс тамақтану мен тынығу режимін ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берді.

Сөйлегендер

Ата-аналар тарапынан балалардың бейімделуі, қауіпсіздігі және мерекелік іс-шараларға қатысты сұрақтар қойылып, тиісті жауаптар берілді.

Қаулы етілді

1. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелерін сақтау.
2. Балаларды уақытылы әкеліп, уақытында алып кету.
3. Ата-аналар комитетінің құрамын бекіту.
4. Баланың денсаулығын бақылауда ұстау.
5. Тәрбиешілермен тығыз байланыста жұмыс жүргізу.

Жиналыс төрағасы: Утепбергенова Ж.Ж.

Хатшы: Утегенова А.М.

«Бекітемін»

ЖШС «NURSULTAN 7 ясли- сад»

Балабақшаның меңгерушісі

Утепбергенова Ж.Ж.



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №2

Өткізілген күні: 23.11.2023ж.

Өткізілген орны : Балабақшаның АКТ залы

Қатысқандар саны: 89

Төраға: Утепбергенова Ж.Ж.

Хатшы: Утегенова А.М.

Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесі – қоғамның ең өзекті мәселесі»

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартудағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдері.
2. МДҰ-дағы заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны таныстыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер.
4. Пікір алмасу және кері байланыс.

Тыңдалды:

Жиналысты меңгеруші ашып, ұрпақ тәрбиесі – қоғамның басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен оқыту мазмұнының жаңартылуы, балалардың танымдық, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту жолдары туралы айтылды.

Медбике балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, тазалық талаптарын орындау, аурудың алдын алу жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Педагог-психолог ата-аналарға баланың психологиялық дамуы, жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбие береуге, отбасындағы жағымды қарым-қатынастың маңызы туралы кеңестер берді.

Тәрбиешілер топтағы дамытушы ортаны таныстырып, оқу қызметтерінде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер жөнінде мәлімет берді. Ата-аналар өз пікірлерімен бөлісіп, сұрақтарына жауап алды.

Қаулы етілді:

1. Балаларды тәрбиелеуде балабақша мен отбасының бірлескен жұмысын нығайту.
2. Баланың жас ерекшелігіне сай дамуына жағдай жасау.
3. Балалардың денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көңіл бөлу.
4. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланысты тұрақты жүргізу.

Төраға: Утепбергенова Ж.Ж.

Хатшы: Утегенова А.М.

«Бекітемін»
ЖШС «NURSULTAN 7 ясли- сад»
Балабақшасының меңгерушісі
Естілеуова А.С.



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТтамасы №3

Өткізілген күні: 16.03.2024ж.

Өткізілген орны : Балабақшаның АКТ залы

Қатысқандар саны: 92

Төраға: Естілеуова А.С.

Хатшы: Утегенова А.М.

Тақырыбы: «Тәуелсіздігіміздің жоғары құндылықтары»

Күн тәртібі:

1. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау.
2. Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі.
3. Баланы кітап оқуға баулу.
4. «Жүрек жылуы» ата-аналарға арналған тренинг.

Тыңдалды:


Әдіскер сөз сөйлеп, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңірудің маңыздылығын атап өтті. Тәрбие барысында туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, салт-дәстүрлерді құрметтеу қажеттігі туралы түсіндірілді.


Педагог-психолог бала тәрбиесіндегі әкенің орны ерекше екенін, ата-ананың мейірімі мен қолдауы баланың тұлғалық дамуына оң әсер ететінін айтты. Сонымен қатар, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, отбасында бірге кітап оқу дәстүрін қалыптастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

«Жүрек жылуы» атты тренинг өткізіліп, ата-аналар өзара пікір алмасып, бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісті.

Қаулы етілді:

1. Балаларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу.
2. Отбасындағы әкенің тәрбиелік рөлін арттыру.
3. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын қалыптастыру.
4. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты күшейту.

Төраға:  Естілеуова А.С.

Хатшы:  Утегенова А.М.



Бекітемін»

«NURSULTAN 7 ясли- сад»

Балабақшасының меңгерушісі

Тажиданова А.Т.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: 16.05.2024ж.

Өткізілген орны : Балабақшаның АКТ залы

Қатысқандар саны: 96

Төраға: Тажиданова А.Т.

Хатшы: Утегенова А.М.

Тақырыбы: «Дені сау бала – салауатты болашақ»

Күн тәртібі:

1. Жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытындысы.
2. Балалар мен гаджеттер: тәуелділіктің алдын алу.
3. Таза ауада серуендеудің пайдасы.
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстары.

Тыңдалды:

Меңгеруші оқу жылы бойы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, балалардың жетістіктері мен ұйымдастырылған іс-шаралар туралы баяндады.


Педагог-психолог балалардың телефон, планшет сияқты гаджеттерге тәуелділігінің алдын алу, экран алдындағы уақытты шектеу және бос уақытты тиімді ұйымдастыру жөнінде кеңестер берді.

Медбике таза ауада серуендеудің, дұрыс тамақтанудың және күн тәртібін сақтаудың бала денсаулығына пайдасын түсіндірді. Сонымен қатар, жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін сақтау және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Қаулы етілді:

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Балалардың гаджет қолдану уақытын бақылау.
3. Балалардың таза ауада көбірек серуендеуіне жағдай жасау.
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастыру.
5. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.

Төраға:  Тажиданова А.Т.

Хатшы:  Утегенова А.М.